

## **Жергілікті маңызы бар "Жуалы-Қарашат" мемлекеттік табиғи қамалын құру үшін жерді резервте қалдыру туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 21 қарашадағы № 228 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 желтоқсанда № 4024 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жуалы, Жамбыл және Талас аудандарының аумақтарында қоса беріліп отырған жергілікті маңызы бар "Жуалы-Қарашат" мемлекеттік табиғи қамалын құру үшін резервіленген жер учаскелерінің жоспары (схемасы) мен экспликациясына сәйкес (1, 2-қосымшалар) шекара шегінде жалпы алаңы 148 300 гектар жер учаскелері 12 ай мерзімімен резервте қалдырылсын.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің құрамына бергенге дейін резервте қалдырылатын жер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдаланылады.

3. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М. Шүкеевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Мырзахметов*

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2018 жылғы "21" қарашадағы  
№ 228 қаулысына 1 қосымша

## **Жобаланып отырған "Жуалы-Қарашат" мемлекеттік табиғи қамалы жер учаскесінің жоспары (сызбасы)**

Ескертпе: Қағаз нұсқасын қарау.



1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1.	Жуалы	68649	48304,9	10041,6	73		10071	8,5		150
2.	Талас	74651	41889				23739		8543	480
3.	Жамбыл	5000	5000							
	Барлығы:	148300	95193,9	10041,6	73		33810	8,5	8543	630

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ